

Темір жол, әуе көлігінде және метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 ақпандағы N 148 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.12.2013 № 1318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған :

- 1) Темір жол көлігіндегі өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесі ;
- 2) Темір жол көлігіндегі өрт салдарларын жою ережесі ;
- 3) Әуе көлігіндегі өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрт салдарларын жою ережесі ;
- 4) Метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.12.2013 № 1318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 16 ақпандағы

N 148 қаулысымен

бекітілген

Темір жол көлігіндегі өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Темір жол көлігіндегі өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) темір жол көлігіндегі өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы көлік туралы " 1994 жылғы 21 қыркүйектегі және " Өрт қауіпсіздігі туралы " 1996 жылғы 22 қарашадағы заңдарына сәйкес әзірленді.

3. Өртке алдын алу жұмысын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі салалық өртке қарсы қызмет (бұдан әрі - ТЖ СӨҚҚ) бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары мыналар болып табылады:

ТЖ СӨҚҚ бастығы - ТЖ СӨҚҚ бас инспекторы;

ТЖ СӨҚҚ бастығының орынбасары - ТЖ СӨҚҚ аға инспекторы;

ТЖ СӨҚҚ аға инспекторлары, инспекторлары, бас мамандары және мамандары - ТЖ СӨҚҚ инспекторлары;

ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бастығы (жол бөлімшесі шегінде) - жол бөлімшесіндегі ТЖ СӨҚҚ бас инспекторы;

ТЖ СӨҚҚ бөлімшесі бастығының орынбасары (жол бөлімшесі шегінде) - жол бөлімшесіндегі ТЖ СӨҚҚ аға инспекторы.

ТЖ СӨҚҚ бөлімшелеріндегі өрттің алдын алу жөніндегі аға нұсқаушылар, нұсқаушылар, өрт сөндіру поездарының бастықтары және олардың орынбасарлары немесе өрт сөндіру поезы қарауылының (бөлімшесінің) бастығы (қызмет көрсету шекаралары шегінде) жол бөлімшелеріндегі ТЖ СӨҚҚ инспекторлары.

4. ТЖ СӨҚҚ лауазымды тұлғалары өз қызметінде "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасының темір жол көлігі ұйымдарының тұрақты объектілері мен жылжымалы құрамында (бұдан әрі - объект) ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің өрттің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруға, жүргізуге жалпы басшылықты және бақылауды ТЖ СӨҚҚ жүзеге асырады.

6. ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінде (жол бөлімшелері шегінде) өрттің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге басшылықты және бақылауды ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бастығы жүзеге асырады.

7. ТЖ СӨҚҚ-нің функцияларын жүзеге асырған кезде ТЖ СӨҚҚ-нің жоғары тұрған инспекторларының нұсқаулары мен өкімдерін ТЖ СӨҚҚ төмен тұрған

инспекторларының орындауы міндетті. Өзге лауазымды тұлғалардың олардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

8. ТЖ СӨҚҚ-нің жоғары тұрған инспекторлары, қажет болған жағдайларда, ТЖ СӨҚҚ-нің төмен тұрған инспекторларының шешімдерін жоя алады.

9. ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндеттерді өрт сөндіру техникалық комиссияларымен (бұдан әрі - ӨТК), объектілердің ерікті өрт сөндіру жасақтарымен (бұдан әрі - ЕӨЖ), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарымен (бұдан әрі - ӨҚО) тығыз өзара іс-қимылда шешеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

10. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі мәселелерді шешуге байланысты құжаттарды растау үшін ТЖ СӨҚҚ бөлімшелеріндегі қолда бар мөрлер пайдаланылады.

11. ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғалары осы Ережеде белгіленген өздеріне берілген өкілеттіктерді орындамағаны үшін жауапты болады.

12. Осы Ережемен байланысты емес, маңызы жоқ жұмыстар мен функцияларды орындауға ТЖ СӨҚҚ-нің қызметкерлерін тартуға рұқсат етілмейді.

2. ТЖ СӨҚҚ-да қызметті ұйымдастыру және өрттің алдын алу жұмыстарын жоспарлау

13. ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғаларының қызметін ұйымдастыру ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің тиісті деңгейлерінде жүзеге асырылады.

14. Өрттің алдын алу жұмысына тікелей басшылықты, оны жоспарлауды, өрттерді және объектілердің өртке қарсы жай-күйін талдауды ТЖ СӨҚҚ-нің бастығы, жол бөлімшелері шегінде ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бастығы жүзеге асырады.

15. Өртке қарсы жай-күйді бақылауды жүзеге асыру үшін ТЖ СӨҚҚ-нің басқарушы құрамына ТЖ СӨҚҚ бастығы бекіткен тізбе бойынша өртке қатысты аса қауіпті объектілер бекітіледі.

16. Өрттің алдын алу жұмыстарын жүзеге асыратын ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғалары қызмет көрсетілетін объектілердің өзіндік ерекшелігін зерделейді, өрттердің шығу себептерін және объектілердің өрт қауіпсіздігі жай-күйін талдайды, олардың өрт қаупін азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді, өртті болдырмауға бағытталған іс-шараларды бірлесіп өткізу мақсатында объект басшыларымен, ӨТК, ӨҚО аумақтық органдарымен байланысты қолдайды.

17. Өрттің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мен жоспарлау ТЖ СӨҚҚ-та және ТЖ СӨҚҚ-нің бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

18. ТЖ СӨҚҚ инспекторларының жұмыс жоспары жедел қызмет мәселелерінің перспективалы және ағымдағы мәселелерінің шешілуін және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып, өрт жағдайын, объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйін талдау негізінде әзірленеді.

19. ТЖ СӨҚҚ-та мынадай жұмыс жоспарлары әзірленеді:

- 1) ТЖ СӨҚҚ-та - өрт-алдын алу іс-шараларының жылдық жоспары;
- 2) ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінде - өрт-алдын алу іс-шараларының жылдық және айлық жоспары.

20. Жұмыстың айлық жоспары, осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес жеке жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылатын алдын алу жұмысын есепке алу күнделігінде тіркеледі. Бұл жұмыс жоспарында ұйымдастыру - алдын алу іс-шаралары, тексеру жоспарланған барлық объектілер атап көрсетіледі, сондай-ақ жоспардан тыс жұмыстар мен тапсырмаларды орындау үшін қажетті уақыт резерві көзделеді.

21. ТЖ СӨҚҚ пен ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің бастығы жоспарларға белгі соға отырып, олардың орындалуын жүйелі түрде бақылайды. Жекелеген іс-шаралар орындалмай қалған жағдайда, тоқсанның (жарты жылдықтың) соңында олардың орындалмау себептері туралы анықтама жасалады, онда жоспарда көзделген, жүргізілген жұмыс көрініс табады.

22. Объектілерді өрт сөндіру-техникалық тексеру (бұдан әрі - ӨТТ) жергілікті жағдайларды, объектілердің маңыздылығын, өрт жарылыс қаупін ескере отырып, жыл бойы біркелкі жоспарланады.

23. ТЖ СӨҚҚ-нің жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшы, жол бөлімшелеріндегі ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің жұмыс жоспарларын - ТЖ СӨҚҚ-нің бастығы, өрт сөндіру поездары бастықтарының, ТЖ СӨҚҚ инспекторларының жеке жұмыс жоспарларын - ТЖ СӨҚҚ жол бөлімшелерінің б ө л і м ш е б а с т ы ғ ы б е к і т е д і .

Өрт сөндіру - алдын алу Іс-шараларының жылдық жоспарында объектілерді өрт сөндіру-техникалық тексерулер, басқа да мемлекеттік қадағалау органдарымен бірлесіп, объектілерді маусымдық (көктемгі және күзгі тексерістер) тексерулер жүргізу, өрттерді алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу, өрт сөндіру-алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру көзделеді.

24. ТЖ СӨҚҚ-нің қызметкерлері объектілерді ӨТТ үшін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бастығы бекіткен ӨТТ жүргізуге арналған қызметтік куәлігі мен тапсырманы ұсынады.

25. ӨТТ-нің түрлері: егжей-тегжейлі, бақылаулық, кешенді, мақсатты (жедел)
б о л ы п б ө л і н е д і :

1) егжей-тегжейлі ӨТТ кезінде объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылады;

2) бақылаулық ӨТТ кезінде егжей-тегжейлі тексеру кезінде ТЖ СӨҚҚ ұсынған іс-шаралардың орындалу дәрежесі анықталады. Бақылаулық ӨТТ ұсынылған іс-шаралардың көзделген орындалу мерзімдері өткен соң жүргізіледі;

3) объектілерді кешенді ӨТТ ӨҚО органдарымен бірлесіп жүзеге асырылады;

4) мақсатты (жедел) ӨТТ объектінің маусымдылығын, өрт жағдайын, жұмыс режимін ескере отырып, объектілердің өртке қарсы жай-күйін іріктеп тексеру мақсатында ТЖ СӨҚҚ басшылығының нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

26. ӨТТ жылына кемінде екі рет, ТЖ СӨҚҚ өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің бұзылушылықтарын жою туралы егжей-тегжейлі ӨТТ өрт сөндіру-техникалық тексеру актісін бере отырып, осы Ереженің 3-қосымшасына с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

ӨТТ бақылаулық және басқа түрлері кезінде ұсынылған іс-шаралардың орындалмауы және қайта анықталған өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылықтар туралы еркін нысанда акт жасалады.

27. Объектілерді ӨТТ объект басшыларының немесе олар бөліп берген объект әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен, объектілердің ажыратылуына сәйкес ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғалары жүргізеді. ӨТТ-ны жүргізуге объектінің мамандары (технологтар, энергетиктер), ӨТТ мүшелері және ЕӨЖ бастығы тартылады. ТЖ СӨҚҚ қызметкері ӨТТ-нің өткізілу күні туралы объект басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға алдын ала хабарлайды.

28. ӨТТ аяқталған соң объект басшысының басшылығымен барлық қатысы бар лауазымды тұлғалардың қатысуымен анықталған кемшіліктерді талқылау жүргізіледі, олардың өртке қарсы іс-шаралар мен орындалу мерзімдері белгіленеді.

29. Акт екі данада жасалады және тексеру жүргізген ТЖ СӨҚҚ-нің лауазымды тұлғасы қол қояды. Актінің бір данасы ӨТТ аяқталғаннан кейін бес күндік мерзімнен кешіктірілмей, объект басшысына қолын қойдыра отырып тапсырылады, ал екіншісі - ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінде бақылау үшін қалдырылады.

30. ӨТТ-ны ӨҚО-ның өкілімен бірлесіп жүргізген кезде үш данада нұсқама жасалады, оларға ӨҚО-ның лауазымды тұлғалары қол қояды, бірінші данасы объект басшысына, екінші данасы ТЖ СӨҚҚ өкіліне, үшінші данасы бақылау үшін ӨҚО-да қалдырылады.

31. Өрт қауіпсіздігі талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі ұсынылған іс-шаралардың орындалу мерзімдерін нұсқамада ӨҚО-ның тексеруді жүзеге асырған лауазымды тұлғасы, актіде объект басшысымен келісім бойынша ТЖ СӨҚҚ-ның қызметкері белгілейді.

32. Объект әкімшілігінің алдыңғы нұсқамалар мен актілер бойынша орындамаған іс-шаралары жаңа нұсқамаға немесе актіге енгізіледі. Бұл іс-шараларды орындаудың жаңа мерзімдері белгіленбейді, тек олар қай жылдан бастап ұсынылып отырғаны ғана көрсетіледі.

33. Нұсқама немесе акт алған және онымен келіспейтін объектілердің басшылары он күндік мерзімде ӨҚО-ның немесе ТЖ СӨҚҚ-ның жоғары тұрған органдарына шағымдана алады.

34. Жалға алынған ғимараттарда және объектілер аумақтарында орналасқан объектілер бойынша өртке қарсы талаптар жалға берушіге, егер бұл жалға алу шартында көрсетілсе, тиісті өртке қарсы ережелердің толық көлемінде қойылады.

3 5 . Ө Т Т к е з і н д е :

1) объект басшысының және жауапты тұлғаларының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметі; өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бұйрықтардың, өкімдердің және нұсқаулықтардың болуы; өрт сөндіру автоматикасы қондырғыларын пайдалануды ұйымдастыру; өртке қарсы мақсаттар үшін қаржыландыруға және өрт сөндіру жабдығын сатып алуға өтінімдердің болуы; өртке қарсы іс-шаралардың перспективті жоспарларына, өндірістік-қаржылық жоспарларына енгізілуі; отпен жүргізілетін жұмыстарды ресімдеу және жүргізу тәртібінің сақталуы; ӨТК-ның алдын алу жұмысын ұйымдастыру және сапасы; ЕӨЖ жұмысының жауынгерлік әзірлігі; жұмысшылармен және қызметшілермен өртке қарсы нұсқаулықты және өрт-техникалық минимумды жүргізу тәртібі; өрт туындаған жағдайда объект қызметкерлерінің өз міндеттерін және іс-қимылдарын білуі; өрттерді есепке алудың дұрыстығы және бұл жағдайда әкімшілік қабылдаған шаралар;

2) ӨҚО-ның алдыңғы нұсқамаларының, ТЖ СӨҚҚ-ның тексеру актілерінің, орындалу дәрежесі өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері талаптарының, өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі стандарттардың, бұйрықтардың және нұсқаулардың сақталуы;

3) өрт туындаған жағдайда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (мәжбүрлі эвакуация жағдайында объект қызметкерлерінің міндеттерін білуі; эвакуация жолдары мен шығатын жерлерді жарамды күтіп ұстау; түтіннен қорғау жүйелерінің болуы мен жұмысқа қабілеттілігі);

4) желдету, жылыту, энергиямен жабдықтау жүйелері, көлемдік-жоспарлық шешімдер, өртке қарсы кедергілер, аумақты күтіп ұстау нормаларының

5) өрттен қорғау жүйелерінің өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкестігі (өрт сөндіру техникасымен қамтамасыз ету және оның техникалық жай-күйі, өрт сөндіретін автоматты қондырғылардың, өрт сигналын берудің, байланыс құралдарының жұмысқа қабілеттілігі, өртке қарсы сыртқы және ішкі сумен жабдықтаудың болуы және жұмысқа жарамдылығы);

6) жөндеу ұйымдарының ӨТТ кезінде күрделі жөндеулердің, ТҚ-ның барлық түрлерінің жүргізілуі, жылжымалы құрамның жаңғыртылуы, олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нормалар мен ережелердің, стандарттардың талаптарына, нормативтік актілерге сәйкестігі тексеріледі.

36. Объектілерді есепке алуды ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінде ТЖ СӨҚҚ-ның лауазымды тұлғалары қызмет көрсету учаскелері бойынша осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес алдын алу жұмысы журналында жүргізеді.

37. ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің басшылары ТЖ СӨҚҚ актілерінде ұсынылған іс-шаралардың орындалу дәрежесіне талдау жасайды.

38. ТЖ СӨҚҚ-тың лауазымды қызметкеріне бекітілген әрбір объектіге осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес бақылау-байқау ісі жүргізіледі, онда мынадай барлық хат алмасулар: объектінің техникалық сипаттамасы, нұсқамалар, актілер, ӨТТ жұмысы; ЕӨЖ мүшелерінің тізімі, объекті басшыларының, жауаптылардың бұйрықтары. Объектілердің бақылау-байқау ісі кемінде бес жыл сақталады.

39. Жолаушы поезддарының ӨТТ жолаушы поезддарын құрастыру пункттерінде және жөнелтудің айналым станцияларында жүргізіледі. Жолдағы жолаушы поезддарының ӨТТ ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бастығы бекіткен кесте бойынша поезд бастығының және поезд электр механигінің қатысуымен жүзеге асырылады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері тексеруші тұлғаның, поезд бастығының қолы қойылып рейстік журналда көрсетіледі.

40. Локомотивтердің, мотор-вагонды жылжымалы құрамның, электр жылжымалы құрамның және тоңазытқыш секциялардың (поездардың) ӨТТ тіркелу депосында, ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің басшылары бекіткен кестелер бойынша өрт қауіпсіздігінің белгіленген нормалары көлемінде жүзеге асырылады.

41. Қазақстан Республикасының магистральдық темір жол желісіне жұмысқа жіберу үшін бөгде ұйымдардың темір жол көлігіндегі жылжымалы құрамы өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкестігі белгіленуі үшін комиссиялық ӨТТ-ге ұсынылады.

Темір жол көлігінде өрт
қауіпсіздігі жөніндегі

алдын алу жұмыстарын
жүргізу ережесіне

1-қосымша

Алдын алу жұмыстарын есепке алу күнделігі

СӨҚК қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, СӨҚК бөлімшесінің
атауы мен мекен-жайы)

200 жылғы айына

P/c N №	Күні	Объектінің атауы	Іс-шаралардың атауы	Станцияның мөртабаны және қолы

Инспектор тегі, аты, әкесінің аты

Темір жол көлігінде өрт
қауіпсіздігі жөніндегі
алдын алу жұмыстарын
жүргізу ережесіне

2-қосымша

Салалық өртке қарсы қызмет

Объектіге өрт сөндіру-техникалық тексеру жүргізуге

N тапсырма

200 жылғы " " " " кезеңіне

(объектінің, жылжымалы құрамның атауы)
өрт қауіпсіздігі жағдайына егжей-тегжейлі, бақылау, мақсатты тексеру жүргізуге
(қажеттісінің асты сызылсын) берілді
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Негіздеме: Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі жөнінде алдын алу жұмыстарын
жүргізу ережесі

Бастық
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Нұсқамамен таныстым
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Нұсқама ТЖ СӨҚК-ның лауазымды тұлғасының куәландыруын болған кезде
жарамды

Қызметтік куәліктің үлгісі

Қазақстан Республикасының	
------------------------------	--

теміржол көлігіндегі салалық өртке қарсы қызметі	Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесіне сәйкес кез келген уақытта жылжымалы құрамның барлық түріне және теміржол көлігі ұйымдарының тұрақты объектілеріне өрт сөндіру-техникалық тексеру жүргізуге құқығы бар	
Фотоға арналған орын		КУӘЛІК N _____ _____ _____ _____
200__ жылы " __ " _____ берілді		ТЖ СӨҚҚ бөлімшесінің бас _____ (қолы)

Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесіне

3-қосымша

Салалық өртке қарсы қызмет

Өрт сөндіру-техникалық тексерудің

N _____ актiсi

Құрамында: _____

_____ бар комиссия
(комиссия мүшелерінің Т.А.Ә.а., қызметі көрсетіледі)

(объекті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

_____ бірлесіп

200 ____ жылғы " ____ " _____

(тексеру объектісі, ТЖ СӨҚҚ қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы)

өрт-техникалық тексеру жүргізді.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына және Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесіне сәйкес өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін тексеру кезінде анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында, объектінің басшысы мынадай іс-шараларды орындауы керек:

Р/с N №	Іс-шаралардың атауы	Орындалу мерзімі	Орындалғаны туралы белгі
------------	---------------------	------------------	--------------------------

1	2	3	4

Ұсынылған іс-шаралар Қазақстан Республикасы темір жол көлігі ұйымдарының басшылары үшін міндетті болып табылады.

Ұсынылған іс-шаралармен келіспеген жағдайда Сіз Актіні ТЖ СӨҚҚ-ның жоғары тұрған органына тапсырылған күннен бастап он күндік мерзімде шағымдана аласыз.

Комиссия мүшелерінің қолы _____

Актіні орындау үшін алдым:

(Объект басшысының қолы) (ТЖ СӨҚҚ қызметкерінің Т.А.Ә.а.)

Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесіне

4-қосымша

Алдын алу жұмысының журналы

1-бөлім

Қызмет көрсетілетін бекітілген учаскенің сипаттамасы

1. Қызмет көрсету учаскесі _____

2. Объектілердің жалпы саны _____

о н ы ң і ш і н д е :

2.1. ҚО _____

2.2. ЖО _____

2.3. БО _____

2.4. ЭО _____

2.5. МО _____

2.6. ТО _____

2.7. ЖО _____

2.8. ВО _____

2.9. ҰТ _____

3.0. өзгелер _____

Объектілерді есепке алу журналы

Р/с	Объектінің атауы және оның шаруашылыққа	Объектіге бекітілген НОРИП	ӨТТ, ЕӨЖ болуы, өрт сөндіру	ӨТТ-ның күндерімен
-----	---	----------------------------	-----------------------------	--------------------

N №	тиесілілігі	Т.А.Ә.	техникасының болуы	түрлері			
				1	2	3	4

Темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу ережесіне

5-қосымша
Салалық өртке қарсы қызмет

Бақылау - байқау ісі

(ұ й ы м а т а у ы)

200__ жылғы "___"_____ басталды
200__ жылғы "___"_____ аяқталды
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 16 ақпандағы
N 148 қаулысымен
бекітілген

Темір жол көлігінде өрт салдарларын жою ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Темір жол көлігінде өрт салдарларын жою ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде өртті сөндіру және өрт салдарларын жою кезіндегі өрт сөндіру-тактикалық жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі және "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңдарына сәйкес әзірленген.

3. Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде өрт салдарларын жою үшін Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде салалық өртке қарсы қызмет (бұдан әрі - ТЖ СӨҚҚ) құрылады.

4. ТЖ СӨҚҚ өз қызметінде "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

5. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан Қазақстан Республикасы темір жол көлігінің барлық ұйымдары және қызметкерлері жұмыста басшылыққа алуы үшін әзірленген.

6. Темір жол көлігінің ұйымдары қызметкерлерінің осы Ережені білуі және орындауы үшін жауапкершілік темір жол көлігі ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

7. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

өрт сөндіру - адамдарды, мүлікті құтқаруға және өртті жоюға бағытталған жауынгерлік іс-қимылдар. Өрт сөндіру өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің негізгі функцияларының бірі болып табылады;

жауынгерлік іс-қимылдар - негізгі жауынгерлік міндетті орындау үшін өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдарын ұйымдастырылған түрде қолдану;

негізгі жауынгерлік міндет - өртке қарсы қызметтің өртті сөндіруге тартылған күштері мен құралдарының мүмкіндіктерімен белгіленетін мерзімдер мен мөлшерлерде өртті оқшаулауға және жоюға қол жеткізу;

өртті оқшаулау - қолда бар күштермен және құралдармен адамдарға (жануарларға) қауіп-қатер болмайтын немесе жойылған, өрттің тарауы тоқтатылған және оны жоюға жағдай жасалған өрт сөндіру сатысы;

өртті жою - жануы тоқтатылған және оның өздігінен туындауы үшін жағдай жойылған өрт сөндіру сатысы;

шешуші бағыт - өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдарын пайдалану негізгі жауынгерлік міндетті шешудің ең жақсы жағдайын қамтамасыз ететін жауынгерлік іс-қимылдар бағыты;

өртте адамдарды құтқару - қауіпті факторлардың әсер ету ықтималдығы бар өрт аймағын өздігінен тастап кете алмайтын адамдарды құтқару жөніндегі іс-қимылдар.

2. Бөлімшелерді хабардар ету, өрт орнына шақыру және жөнелту

8. ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерінің құрамына:

1) темір жол көлігі объектілерінде өртті сөндіру және өрт салдарларын жоюға ;

2) шарт негізінде бөгде ұйымдардың объектілерінде және жылжымалы құрамында өрт сөндіру жөніндегі жұмыстарды және қызметтерді орындауға арналған темір жол көлігіндегі өрт сөндіру поездары кіреді.

Өрт сөндіру поезын мақсатқа сәйкес емес жұмыстарды орындау үшін тартуға жол берілмейді.

9. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен авариялық-құтқару құралымдарын және басқа да

ұйымдарын шақыру тәртібін темір жол көлігінің ұйымдары, жол бөлімшелері шегінде ТЖ СӨҚҚ бөлімшелері әзірлейді, мемлекеттік өрт сөндіру қызметінің тиісті ұйымдарымен және аумақтық органдарымен келісіледі.

Темір жол көлігінің барлық ұйымдарында осы Ереже болуы қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

10. Өртті байқаған немесе ол жөнінде хабар алған тұлғалар ТЖ СӨҚҚ бөлімшелерін және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін (бұдан әрі - ҚР ТЖМ) дереу шақырады.

11. Темір жол көлігі объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарда және арнайы көрсеткіштерде (кестешелерде) өрт болған жағдайда телефон шалуға қажетті салалық және аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызметтердің телефон нөмірлері көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

12. Өрт туралы хабар келіп түскен кезде ұйымның кезекші персоналы ақпаратты нақтылайды және ұйым басшысы бекіткен хабардар ету схемасымен белгіленген ұйымның бөлімшесін өрт орнына жібереді.

13. Өрт орнындағы жұмыс басшыларының іс-қимылы Қазақстан Республикасының Өртке қарсы қызметінің жауынгерлік жарғысымен айқындалады.

14. Өрт сөндіру және басқа да бөлімшелерінің өрт орнына шақырылуы, жөнелтілуі және жылжуы ең қысқа мерзім ішінде қамтамасыз етіледі және темір жол көлігі ұйымы белгілеген тәртіппен айқындалады.

15. Өртті сөндіру және салдарын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін өрт болған ұйымдардың жанынан штаб ұйымдастырылады. Штабты жұмыспен қамтамасыз ету темір жол көлігі ұйымының бірінші басшысына жүктеледі.

16. Бөлімшелердің өртті сөндіру және салдарын жою жөніндегі жұмыс орнындағы үздіксіз жұмысын ұйымдастыру үшін ұйымдар басшылары байланыспен, көлік құралдарымен және басқа да қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

17. Өрт орнына өрт сөндірушілер және ұйымдар бөлімшелерінің уақтылы жөнелтілуі, кедергісіз жылжуына темір жол көлігі ұйымдарының басшылары жауап береді.

18. Өрт сөндіру бөлімшелері жөнелтілген, жылжыған сәттен бастап және орналасқан орнына оралуына дейінгі барлық жылжуы темір жол көлігінің ұйымдары белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Өрт салдарларын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

19. Өрт салдарларын жою бойынша алғашқы кезектегі іс-қимылдар темір жол көлігі ұйымының басшысы бекіткен өрт сөндіру және аумақтық авариялық-құтқару қызметінің күші мен құралдарын тарту жоспарына (бұдан әрі - Жоспар) сәйкес ұйымдастырылады.

Бірінші кезектегі іс-қимылдар кезінде қажет болған жағдайда қауіпті аймақтан тұрғындардың уақытша көшірілуі, ұйымдардың қажетті материалдық-техникалық ресурстары жұмылдырылуы мүмкін, онда авария, апат болған объектінің жұмысы тоқтатылады, ұйымдарда жұмыс режимі өзгертіледі, адамдар мен жүктердің жылжуына шектеу (карантин) қойылады, мүмкіндігінше құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады, қоғамдық тәртіп пен объектілерді күзету қамтамасыз етіледі.

20. Қауіпті аймақ шекарасын заңнамада белгіленген тәртіппен өрт салдарларын жою және штаб жұмысының басшылары белгілейді.

21. Ұйымдар қорғау іс-шараларын, құтқару, авариялық-қалпына келтіру және өндірістік әрі әлеуметтік мақсаттағы объектілердегі және бекітілген Жоспарға сәйкес оларға жақын орналасқан аумақтарда төтенше жағдайларды жою жөніндегі басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізеді.

22. Ұйымдар өртті сөндіргеннен кейін өрт салдарларын жоюға, поездардың қозғалысын қалпына келтіруге, өндірістің (электр энергиясы мен байланысты, темір жол және энергиямен жабдықтау, байланыс құрылғыларын жөндеуді қамтамасыз ету) тоқтап қалған технологиялық процесінің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады.

23. Өрт салдарларын жою кезінде пайдаланылған, қауіпті жүктерге байланысты темір жолдың жылжымалы құрамы, өрт сөндіру және көмекші техника, өрт сөндіру-техникалық жабдықтар мен керек-жарақтар жұмыс аяқталған соң жууға және залалсыздандыруға жатады.

24. Өртті сөндіру және салдарларын жою кезінде қажет болған жағдайда медициналық көмек қызметі қолданысқа енгізіледі.

25. Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметкерлері залалсыздандыру бойынша жұмыстарды жүргізгеннен кейін, олардың жүргізілу тиімділігі үшін зертханалық бақылау ұйымдастырады, қажет болған жағдайда қайта залалсыздандыруға жібереді.

26. Өрт салдарларын жойғаннан кейін өрт сөндіру поездары мен тартылған техникалар цистерналарға су құюға жіберіледі, олардың техникалық жай-күйі тексеріледі және орналасу орнына қойылады.

негізінде тұтастай ұйым және әрбір жекелеген объекті үшін өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы тиісті нұсқаулықтарды әзірлеуді, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарымен келісуді және бекітуді ұйымдастырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

4. Бұл ретте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мынадай іс-шаралар келісуге жатады:

1) аумақтарды, ғимараттарды және үй-жайларды, оның ішінде эвакуациялық жолдарды ұстауға қойылатын талаптар;

2) технологиялық процестерді жүргізу, жабдықтарды пайдалану, өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

3) жарылғыш-өрт қаупі бар және өрт қаупі бар заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау нормалары;

4) темекі тарту, ашық отты қолдану және отпен жұмыстар жүргізу орындары;

5) жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою, арнайы киімді ұстау және сақтау жөніндегі талаптар;

6) ауытқуы өрт немесе жарылыс туындатуы мүмкін бақылау-өлшеу құралдарының (манометрлердің, термометрлердің) шекті көрсеткіштері;

7) өрт кезінде қызмет көрсететін персоналдың іс-қимылдары, оның ішінде:
өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру жүйелілігі;
технологиялық жабдықты авариялық тоқтату жүйелілігі;
желдеткішті және электр жабдығын ажырату жүйелілігі;
өрт сөндіру құралдарын және өрт сөндіру автоматикасы қондырғыларын қолдану ережелері;

адамдарды, жанғыш заттарды және материалдық құндылықтарды эвакуациялау жүйелілігі;

азаматтық авиация ұйымының (бөлімшелерінің) барлық үй-жайларын тексеру және өрт жарылыс қауіпсіздігі жай-күйіне келтіру.

5. Технологиялық процесті және жұмыс шарттарын өзгерту кезінде, сондай-ақ объектіде болған өрт, авариялар және жарылыстарды талдау негізінде Өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулықтар үш жылда кемінде бір рет қайта қаралады.

6. Азаматтық авиация ұйымдарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін құрамына ұйымның бас инженері немесе бірінші басшысының орынбасары, объектінің өртке қарсы қызметі бөлімшесінің бастығы (орынбасары) немесе еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, күрделі құрылыс, жердегі құрылыстар, жанар-жағармай материалдары, радиотехникалық жабдық пен байланыс,

авиациялық-техникалық база қызметтерінің басшылары және азаматтық авиация ұйымы басшысының қалауы бойынша басқа да тұлғалар енген өрт-техникалық комиссиялары құрылады. Ірі құрылымдық бөлімшелерде (жанар-жағармай материалдары мен радиотехникалық жабдықты және байланыс пен басқа да пайдалану қызметтерінде) өрт-техникалық комиссиясынан басқа, құрылымдық бөлімшесінің бастығы цехтық (объектілік) өрт-техникалық комиссияларын құруы мүмкін.

2. Авиациялық техниканы және объектілерді өртке қарсы қамтамасыз ету

7. Авиациялық техниканы және объектілерді өртке қарсы қамтамасыз ету авиациялық техникада және объектілерде өрт пен тұтанулардың туындауын болдырмауға, ал өрт туындаған жағдайда оларды уақтылы анықтауға және сәтті сөндіруге, адамдарды және материалдық құндылықтарды қауіпсіз эвакуациялауға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады.

8. Авиациялық техниканы және объектілерді өртке қарсы қамтамасыз етудің негізгі нысаны өрт пен тұтанулар туындау қатерін тудыратын себептерді уақтылы анықтау және жою мақсатында жүргізілетін өрттің алдын алу жұмыстары болып табылады.

Өрттің алдын алу жұмысы жоспарлық тексерістердің, тұрақты бақылау тексерулердің және белгіленген өртке қарсы нормалар мен ережелердің сақталуына және техникалық қызмет көрсету кезінде объектілер мен әуе кемелерінде анықталған кемшіліктердің жойылуына күн сайынғы қадағалаудың жиынтығы болып табылады.

9. Өрттің алдын алу жұмыстарын мыналар жүзеге асырады:

1) жоспарлық тексерістер (кемінде жылына екі рет) жолымен өрт-техникалық комиссиялар;

2) тұрақты - құрылымдық бөлімшелерде (қызметтер, бөлімдер, қоймалар, цехтар, қонақ үйлер басшылары) өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар;

3) барлық объектілер бойынша тұрақты - азаматтық авиация ұйымдарындағы өрттің алдын алу жөніндегі тиісті лауазымды тұлғалар (инженерлер, нұсқаушылар).

10. Объектіде өрттің алдын алу тексеруін жүргізу кезінде мыналар анықталады:

1) өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтардың болуы және оларды сақтау дәрежесі;

2) объектінің өрт қауіпсіздігінің нақты жай-күйінің белгіленген өртке қарсы нормалар мен ережелерге сәйкестігі;

3) бұрын белгіленген өртке қарсы іс-шаралардың орындалу дәрежесі;

4) ұйым (объекті) қызметшілерінің өрт туындаған жағдайда өрт қауіпсіздігінің белгіленген тәртіппен ережелері мен іс-қимылдарын білуі;

5) өрт байланысының, өрт сөндірудің бастапқы құралдарының және өрт автоматикасы қондырғыларының болуы және техникалық жай-күйі.

11. Өрттің алдын алу тексерулерінің, бақылау тексерулері мен күн сайынғы бақылаудың нәтижелері бойынша мынадай шаралар қабылданады:

1) өрт-техникалық комиссиялар өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы анықталатын, айқындалған бұзушылықтар белгіленетін өрт-техникалық тексеру актісін жасайды, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзатын кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

2) құрылымдық бөлімшелер басшылары анықталған өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарының бұзушылықтарын жою және осы бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды;

3) өртке қарсы қызмет бөлімшесінің бастығы азаматтық авиация ұйымының басшысына объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы баяндайды және оны жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) өрт-техникалық тексеру актісі азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткеннен кейін орындауға жатады. Актіде өртке қарсы іс-шаралардың нақты мерзімдері мен орындаушылары көрсетіледі. Актіден үзінділер орындаушыларға қолхат арқылы беріледі.

12. Мереке күндері жұмыс істемейтін объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мерекелер қарсаңында жабылуы алдында оларды тексеру мен қабылдау жүргізіледі. Объектілерді олардың мереке күндеріне жабылуы алдында өртке қарсы қатысты тексеру мен қабылдау үшін азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен комиссия тағайындалады. Комиссияны тағайындау туралы бұйрықта тексеруге жататын объектілердің тізбесі, қабылдау нәтижелері туралы тексеру мен баяндау уақыты көрсетіледі.

13. Қолданыстағы өндіріске жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде технологиялық операциялардың өрт қауіптілігін төмендетуге және олардың өрттен қорғануын жетілдіруге бағытталған техникалық шешімдер әзірленеді және енгізіледі. Бұл ретте негізгі бағыттар мыналар болып табылады:

1) өрт қаупі бар органикалық еріткіштерді (бензин, спирт, керосин, уайт-спирит) өрт қаупі жоқ техникалық жуу заттарына ауыстыру;

2) өндірісте пайдаланылатын заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі қасиеттерін зерделеу және оларды қауіпсіз қолдану жөнінде ұсынымдар беру;

3) өрт және жарылыс қаупі бар үй-жайларды өрт сөндіру автоматикасы қондырғыларымен жабдықтау.

14. Азаматтық авиация ұйымдарында әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде өрт қауіпсіздігін бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын

кесу мақсатында, сондай-ақ өрт туындаған жағдайда оны жедел сөндіру үшін әуе кемелерінің перрондары мен тұрақтары бойынша әскери топтары бар өрт сөндіру автомобильдерімен қарауылдау ұйымдастырылады.

Қарауылдау кезеңділігі мен бағыттары жергілікті жағдайларға және ұшулар қарқындылығына байланысты белгіленеді.

15. Азаматтық авиация ұйымдарының қызметкерлері өрт қауіпсіздігі ережелерін кеңінен зерделеу, сондай-ақ өрттің алдын алу шараларын, өрт сөндірудің алғашқы және стационарлық құралдарын пайдаланудың және өрт туындаған кезде іс-қимылдар ережелерін оқыту мақсатында өндірістік оқыту жүйесінде міндетті өртке қарсы арнайы дайындықтан өтеді.

16. Өрт сигналын беру және өрт сөндірудің автоматты қондырғыларына, түгіннен қорғану, өрт туралы адамдарды хабарландыру және эвакуацияны басқару жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы-алдын ала жөндеу (бұдан әрі - ТҚК және ЖААЖ) бойынша регламенттік жұмыстар өндіруші зауыттың техникалық құжаттамасын ескере отырып жасалатын жылдық кесте-жоспарына және жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді арнайы оқытылған қызмет көрсететін персонал немесе шарт бойынша лицензиясы бар мамандандырылған ұйым орындауы тиіс.

17. Диспетчерлік пункттің (өрт сөндіру постысының) үй-жайында өрт туралы және өрт сөндіру автоматикасы қондырғысының ақаулары туралы сигналды алған кездегі жедел (кезекші) персоналы іс-қимылының тәртібі туралы нұсқаулық ілулі тұруы тиіс.

18. Өрт сөндіру автоматикасы қондырғылары жарамды жағдайда, ұдайы дайындықта және жобалық құжаттамаға сәйкес болуы тиіс.

Нормалар мен ережелерде ескертілген жағдайларды қоспағанда, қондырғыларды автоматты іске қосудан қолмен іске қосуға ауыстыруға жол берілмейді.

19. Өрт сөндіргіш заттарының массасы мен қысымы есептік мәндерінен 10%-ға және одан артық пайызға төмен өрт сөндіру қондырғыларының баллондары мен сыйымдылықтары толық зарядтауға немесе қайта зарядтауға жатады.

20. Механикалық зақымдану қаупі бар жерлердегі спринклерлік (дренчерлік) қондырғылардың суландырғыштары суландыру картасын өзгертпейтін және жылудың таралуына әсер етпейтін сенімді қоршаумен қорғалуы тиіс.

Ашылған және жарамсыз суландырғыштардың орнына тығындар мен бекіткіштерді орнатуға жол берілмейді.

21. Өрт сөндіру станциясы өрт сөндіру кезінде байлама схемасымен және қондырғыны басқару жөніндегі нұсқаулықпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Әрбір басқару торабында қорғалатын үй-жайлар, қондырғы секциясындағы

суландырғыштардың саны мен үлгісі көрсетіле отырып кесте ілінуі тиіс. Ысырмалар мен крандар байлама схемасына сәйкес нөмірленуі тиіс.

22. Өрт туралы хабарландыру жүйелері эвакуациялау жоспарларына сәйкес барлық ғимарат (құрылыс) бойынша немесе ішінара оның жекелеген бөлімдеріне (қабаттарға, секцияларға) бір мезгілде хабарлау сигналын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

23. Хабарлағыштар (дауыс күшейткіштер) дыбыс реттегішсіз болуы және желіге ағытпалы қондырғыларсыз қосылуы тиіс.

Хабарлау мәтіндерін берудің сенімділігін және эвакуацияны басқаруды қамтамасыз ету үшін ішкі радиотрансляциялық желі мен объектіде бар басқа да хабарлау желілерін пайдалануға жол беріледі.

24. Ұшуларды өртке қарсы қамтамасыз ету осы әуе кемелерінің борттарындағы адамдарды құтқару үшін жағдайлар жасау мақсатында азаматтық авиация әуеайлақтары аумақтарында авиациялық немесе төтенше жағдайлар кезінде туындаған әуе кемесіндегі өртті сөндіруге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

25. Әуе кемелерінде және объектілерде өрттен құтқару жұмыстарын орындау үшін азаматтық авиация ұйымдарында әуежайлардың авариялық-құтқару командаларының құрамына кіретін штаттық өрттен құтқару топтары құрылады.

26. Өрттен құтқару топтары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау бойынша дереу іс-қимылға дайындықты қамтамасыз ететін өрттен құтқару техникасымен, өрт сөндіру құралдарымен, арнайы авариялық-құтқару жабдығымен және құралымен жарақталады.

27. Әуежайлардағы өрттен құтқару топтары мен өрттен құтқару техникасы ұшу алаңын көзбен шолып қарауды қамтамасыз етуді және олардың әрбір ұшу-қону жолағының шетінде көрінімнің және жол беті жай-күйінің оңтайлы жағдайлары кезінде бірінші автомобиль үшін 3 минуттан аспайтын және кейінгілері үшін 4 минуттан аспайтын уақытта өрістетуді ескере отырып орналасқан авариялық-құтқару станцияларында орналастырылады.

28. Азаматтық авиация ұйымдарында өрттен қорғанудың талап етілетін деңгейі бойынша әуеайлақтың санатына байланысты авиациялық оқиға орнына өрт сөндіру автомобильдерінде бір мезгілде жеткізілетін от сөндіру құрамының нормативтік қоры жасалады.

29. Азаматтық авиация ұйымдарында әуе кемесіндегі өртті сөндіру үшін от сөндіру құрамдарының үш еселік қоры тұрақты қамтамасыз етіледі.

30. Өрттен қорғану деңгейі, өрттен құтқару автомобильдерінің саны және үлгілері, сондай-ақ олардағы өрттен құтқару топтарының сандық құрамы әуеайлақтардың жарамдылығын анықтау тәртібімен белгіленеді, олардың санатына байланысты болады.

31. Өрттен құтқару жұмыстарын басқару үшін, сондай-ақ қосымша күштер мен құралдарды шақыру үшін авариялық-құтқару станцияларында әуе қозғалысы ұйымдарымен, қаланың өрт байланысы орталық пунктімен немесе Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі - ҚР ТЖМ) ең жақын өрт сөндіру бөлімшесімен тікелей байланыс, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарының басшысымен, азаматтық авиация ұйымы өртке қарсы қызметінің өрттен құтқару және арнайы автомобильдерімен радиобайланыс болуы тиіс.

32. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде тікелей байланыс арналары бойынша келіссөздер және радиоалмасу автоматты түрде магнитофондық жазып алуға жатады.

33. Азаматтық авиация ұйымдарының әуеайлақтарында сумен жабдықтау көздеріне және авиациялық оқиғалардың анағұрлым мүмкін болатын орындарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін кірме жолдар көзделеді. Өушу-қону жолағының шетінен 1000 метрге дейінгі қашықтықта орналасқан ұшу және қонуға кіру аймақтарына еркін кіруді қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

34. Негізгі немесе бастапқы авариялық-құтқару станцияларындағы ұшулар кезеңінде әуе кемесінің ұшуын, қонуын және рульдеуін тұрақты қадағалау үшін өрттен құтқару тобы тұлғалары қатарынан кезекшілік белгіленеді.

35. Азаматтық авиацияның әрбір ұйымында ұйым басшысының бұйрығымен бекітілетін өрттен құтқару топтарының және апатқа ұшыраған әуе кемелерінде өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөнінде олармен өзара іс-қимыл жасайтын күштер мен құралдар іс-қимылдарының авариялық жоспары жасалады.

36. Авариялық құтқару жұмыстарының жетекшісі көрші тұрақтарда тұрған әуе кемелерін, сондай-ақ өртеніп жатқан әуе кемесіне жақын орналасқан объектілерді өрттен қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

37. Өрт аумағынан басқа да әуе кемелерін және жылжымалы техникалық құралдарды эвакуациялау (тіркеп сүйреу) тұрақта тұрған әуе кемесінде өрт сөндіру кезінде орындалуы мүмкін арнайы рәсім болып табылады. Осы мақсаттар үшін автомобильдік тіркеп сүйреу құралдары тартылады. Инженерлік-авиациялық қызмет ауысымының бастығы эвакуациялық жұмыстар жетекшісі болып табылады.

38. Авариялық-құтқару станциясының мұнарасындағы бақылаушы (авиакәсіпорынның өртке қарсы қызметінің диспетчері) тұрақта тұрған әуе кемесінде өртті анықтаған кезде мынадай іс-қимылдарды орындайды:

- 1) өрт-құтқару тобына "Дабыл" сигналын хабарлайды;
- 2) хабарландыру схемасына және Әуежай мен мемлекеттік өртке қарсы

қызметтің аумақтық органдары арасындағы өзара іс-қимылдар нұсқаулығына сәйкес қаланың өзара іс-қимыл жасайтын өртке қарсы қызметтерін шақырады.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

39. Авариялық құтқару жұмыстарының жетекшісі бірінші кезектегі міндеттерді белгілейді, оларға мыналар:

1) авариялық жағдайдың сипатын бағалау;
2) жанып жатқан әуе кемесінің бортында адамдардың болуын (жоқтығын) тексеру;

3) авиакәсіпорынның авариялық құтқару командасының әрбір тобы үшін міндеттер қою;

4) авиакәсіпорынның және басқа (өрт бөлімдерінен басқа) өзара іс-қимыл жасайтын күштердің қосымша күштері мен құралдарын тарту туралы шешім қабылдау жатады.

40. Өрт сөндіру жетекшісі үшін (авиакәсіпорынның өрттен құтқару командасының бастығы) ондай міндеттерге мыналар:

1) өртке барлау жүргізу;
2) басқа да әуе кемелері мен объектілері үшін өрт қаупін бағалау;
3) өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды ұйымдастыру жатады.

41. Әуе кемесінде өртті сөндіру және оған байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жауынгерлік жарғысының талаптары орындалады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 6 а қ п а н д а ғ ы
№ 1 4 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою ережесі

Ескерту. Қаулы ережемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 05.12.2013 № 1318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы талаптар

1. Осы Метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы», «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді әрі метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою тәртібін анықтайды.

2. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) диспетчерлік қызмет – метрополитеннің жылжымалы құрамының қозғалысын басқаруды және қозғалыс кестесінің сақталуын үздіксіз бақылауды жүзеге асыратын қызмет;

2) метрополитен жолаушысы – жол жүру құжаты (билеті) бар және метрополитенде жол жүретін жеке тұлға;

3) метрополитеннің көлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-қимыл жасайтын жолаушыларды, багажды метрополитеннің жылжымалы құрамымен тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

4) метрополитен – көліктің өзге түрлерінің желілерінен және жаяу жүргіншілердің оларға өту жолынан оқшауланған (бөлінген, бір деңгейдегі қиылыстары жоқ) жолдар бойынша жолаушылар мен багажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын қалалық рельстік көлік түрі;

5) метрополитеннің өртке қарсы қызметі – метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу және өрттердің салдарын жою үшін құрылатын метрополитеннің көлік кәсіпорнының құрылымдық бөлімшесі;

6) эскалатор – адамдардың бір деңгейден екінші деңгейіне ауысуы үшін қозғалмалы баспалдақтары бар баспалдақ түріндегі көтергіш-көлік қондырғысы;

7) метрополитеннің жылжымалы құрамы – бір немесе бірнеше вагондық секциялардан тұратын және жолаушыларды тасымалдауға арналған жылжымалы құрам.

2. Метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу тәртібі

3. Метрополитендегі өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмысы мыналарды қамтиды:

1) метрополитен объектілерінде жоспарлы тексерулерді жүргізу (жылына кемінде екі рет);

2) метрополитен объектілерінде тұрақты бақылау мақсатындағы тексерулерді

ж ү р г і з у ;

3) белгіленген өртке қарсы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылау;

4) метрополитен объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша анықталған кемшіліктерді жою;

5) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құжаттарды әзірлеу;

6) өрт қауіпсіздігі шаралары және өрт туындаған жағдайда іс-қимылдар туралы метрополитеннің көлік кәсіпорны қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

4. Алдын алу жұмыстарын осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген іс-шараларды жүргізу жолымен метрополитеннің өртке қарсы қызметі жүзеге асырады.

5. Метрополитен объектілерінде жоспарлы тексеруді жүргізу кезінде мыналар :

1) өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулықтардың болуы және оларды сақтау деңгейі ;

2) объектінің өрт қауіпсіздігінің нақты жай-күйінің белгіленген өртке қарсы нормалар мен қағидаларға сәйкестігі;

3) бұрын белгіленген өртке қарсы іс-шаралардың орындалу деңгейі;

4) метрополитеннің әрбір станциясында жедел өрт сөндіру жоспарының, өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы талаптарының, жолаушыларды эвакуациялау жоспарының, түтінденген немесе өрт болған жағдайда, тоннель желдеткішінің шахтасы жұмысы істегенде метрополитен жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібінің болуын белгілейді.

Көрсетілген құжаттар станция кезекшісінің үй-жайында, жедел өрт сөндіру жоспарының екінші данасы кассада аға кассирде сақталады және өрт сөндіру басшысының бірінші талабы бойынша беріледі;

5) өрт байланысының, өрт сөндірудің бастапқы құралдарының және өрт автоматикасы мен сигнализация қондырғыларының болуы және техникалық жай - күйі ;

6) метрополитеннің диспетчерлік қызметінің және станция кезекшілерінің үй-жайларында (өрт сөндіру бекетінде) өрт туралы және өрт сөндіру автоматикасы мен сигнализация қондырғыларының (жүйелерінің) жұмыс істемей тұрғандығы жөнінде сигналдар алған кезде, метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысы бекіткен жедел (кезекші) персоналдың іс-қимылдары туралы нұсқаулықтың болуы ;

7) диспетчерлік қызметтің үй-жайларында радиоалмасу ақпаратын жазу үшін қондырғының болуы анықталады.

6. Алдын алу жұмыстарын жүргізу шеңберінде метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысы мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органымен

келісім бойынша метрополитеннің жылжымалы құрамында және объектілерінде өртті сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде метрополитеннің өртке қарсы қызметінің мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органымен өзара іс-қимыл жасау туралы нұсқаулықты (бұдан әрі – Нұсқаулық) әзірлейді және бекітеді.

Нұсқаулық бір жылда кемінде бір рет түзетіледі, сондай-ақ технологиялық процесс пен жұмыс шарттары өзгерген кезде пысықтауға жатады.

7. Өрт сөндіру қызметі жоспарлы тексерулердің, күнделікті бақылау мақсатындағы тексерулердің нәтижелері бойынша мынадай шаралар қабылдайды :

1) жоспарлы тексерудің актісі жасалады, онда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйі айқындалады, анықталған бұзушылықтары белгіленеді, анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері және орындаушылары айқындалады. Жоспарлы тексеру актісін метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысы бекітеді ;

2) метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысына объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы жазбаша баяндайды, оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды.

3. Метрополитенде өрттердің салдарын жою тәртібі

8. Өрттердің салдарын жою үшін өртке қарсы қызмет бірінші кезектегі тапсырмаларды белгілейді, оларға:

- 1) өрттердің салдарын бағалау;
- 2) метрополитеннің станцияларында, тоннельдерінде және жылжымалы құрамында адамдардың бар (немесе жоқ) болуын тексеру;
- 3) метрополитеннің қосымша күштері мен құралдарын тарту туралы шешімді қабылдау кіреді .

9. Өрттердің салдарын жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін өрт болған метрополитен объектілерінде штаб ұйымдастырылады.

Штаб өрттердің салдары туралы ақпаратты қарайды, оларды жою бойынша жоспарды қалыптастырады, оны метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысы бекітеді .

Штабты жұмыспен қамтамасыз ету метрополитеннің көлік кәсіпорнының басшысына жүктеледі .

10. Өрттердің салдарын жою кезінде мыналар:

- 1) халықты қауіпті аймақтан эвакуациялау;
- 2) метрополитеннің көлік кәсіпорнының қажетті материалдық-техникалық

ресурстарын

жұмылдыру ;

3) өрт болған метрополитен объектісінің жұмысын тоқтату немесе уақытша тоқтату ;

4) метрополитен объектісінің жұмыс режимін өзгерту;

5) жолаушылардың қозғалуына шектеу (карантин) қою жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК